# "2025 жылы Қазақстан Республикасы ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының 2024 жылғы 16 қаңтардағы № 5 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2024 жылғы 19 желтоқсандағы № 217 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "2025 жылы Қазақстан Республикасы ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының 2024 жылғы 16 қаңтардағы № 5 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 2025 жылы Қазақстан Республикасы ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

көрсетілген бұйрыққа қосымшаның 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. | Санақ парақтарын, 2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу жөніндегі әдіснамалық құралдарды әзірлеу және бекіту | СЖРА ҰСБ бұйрығы | СЖРА ҰСБ, АШМ, ЦДИАӨМ, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктері | 2024 жылғы II тоқсан (пилоттық ауыл шаруашылығы санағы үшін) 2025 жылғы I тоқсан | - | талап етілмейді |

";

көрсетілген бұйрыққа қосымшаның 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 2024 жылғы III, IV тоқсан – Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінген | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11. | 2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізуді және ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыру кезінде әкімшілік деректерге көшуді ескере отырып, "е-Статистика" интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту | сынақ актісі | СЖРА ҰСБ, АЕО РМК, АШМ, ЦДИАӨМ, ЭТПМ, СРИМ және басқа тиісті МО | 2024 жылғы III тоқсан – 2026 жылғы II тоқсан | қаражат шегінде 2025 жылғы I тоқсан – 2026 жылғы II тоқсан – 002 "Статистикалық ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы 101 "Қазақстан Республикасының ұлттық халық санағын және ауыл шаруашылығы санағын жүргізу" кіші бағдарламасы шеңберінде бөлінген қаражат шегінде | Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен республикалық бюджеттен |

";

көрсетілген бұйрыққа қосымшаның 15-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 15. | Мыналарды: 1) картографиялық материалдарды (елді мекендердің карталары мен схемалық жоспарлары); 2) санақ құралдарын (анықтамаларды, түсіндірмелерді, санақ персоналының куәліктерін | орындалған жұмыстар актісі | СЖРА ҰСБ | 2025 жылғы I-II тоқсан | 002 "Статистикалық ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы 101 "Қазақстан Республикасының ұлттық халық санағын және ауыл шаруашылығы санағын жүргізу" кіші бағдарламасы шеңберінде | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | және басқаларды) тираждау | | | | бөлінген қаражат шегінде | республикалық бюджет |

";

көрсетілген бұйрыққа қосымшаның 21-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 21. | 2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағының бақылап аралауын жүргізу | СЖРА ҰСБ-ға ақпарат | СЖРА ҰСБ АБ | 2025 жылғы III-IV тоқсан | 002 "Статистикалық ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы 101 "Қазақстан Республикасының ұлттық халық санағын және ауыл шаруашылығы санағын жүргізу" кіші бағдарламасы шеңберінде бөлінген қаражат шегінде | республикалық бюджет |

".

2. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ауыл шаруашылығы статистикасы және ұлттық санақтар департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бұйрықты қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының құрылымдық және аумақтық бөлімшелеріне және "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына мәлімет үшін жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Стратегиялық жоспарлау және*
*реформалар агенттігінің*
*Ұлттық статистика бюросы басшысы*

*М. Тұрлыбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК